

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
«Жер ресурстарын тиімді пайдалану бойынша қабылданатын шаралар
туралы» тақырыбында 2012 жылғы 5 қарашада өткен
Үкімет сағатының қорытындылары бойынша
ҰСЫНЫСТАРЫ

Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару агенттігінің төрағасы Қ.М. Отаровтың баяндамасын тыңдап әрі талқылай келіп, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі жер ресурстарының пайдаланылу тиімділігін арттыру, елдің стратегиялық дамуы мен оның азық-түлік қауіпсіздігі жолындағы ауқымды тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатында мыналарды **ҰСЫНАДЫ**:

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

жер ресурстарының, әсіресе елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кепілдік беретін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің ұтымды пайдаланылуына тиімді мемлекеттік бақылауды ұйымдастыруға бағытталған, жер заңнамасын одан әрі жетілдіру жөніндегі шараларды қабылдайтын болсын;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді есепке алу, пайдаланылмай жатқан жерлерді анықтау, оларды ұтымды пайдалану және топырақтың құнарлылығын сақтау бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында жерді түгендеу жұмысын жандандыратын болсын;

жерді ұтымды пайдалану, топырақтың құнарлылығын арттыру, жер ресурстарын сақтау жөніндегі өңірлік бағдарламалардың басқа табиғат қорғау іс-шараларымен кешенді түрде әзірленуін қамтамасыз етсін;

ауыл шаруашылығы жері сапасының жай-күйін анықтау және топырақ құнарлылығын сақтау мен арттыруға одан әрі ынталандыру мақсатында топыраққа бағалау жүргізілуін, ауыл шаруашылығы жеріне топырақтық және геоботаникалық зерттеулер мен тексерулер жүргізілуін қамтамасыз етсін;

орман және су қорларының, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жеріндегі жайылым және шабындық алқаптарын пайдалану тәртібін оңайлататын болсын;

Қазақстан Республикасының аумағында спутниктік геодезиялық желі құру, координаттардың бірыңғай мемлекеттік жүйесін белгілеу жөніндегі және цифрлық аэросуретке түсіру және картографиялау негізінде мемлекеттік топографиялық карталарды жаңарту жөніндегі ұйымдастырушылық-техникалық іс-шараларды қамтамасыз етсін;

жердің жай-күйінде болып жатқан өзгерістерді дер кезінде анықтау үшін осы мақсатта жерді қашықтан зондтауды қоса алғанда, озық технологиялар жетістіктерін пайдалана отырып, жер мониторингі бойынша жүйелі шаралар қабылдасын;

Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің өнеркәсіптік пайдалануға дер кезінде берілуін қамтамасыз етсін;

Астана және Алматы қалаларында, облыстық маңызы бар қалаларда нысаналы мақсаттағы сыныптауыштарды әзірлей отырып, елді мекендер аумағының жер-шаруашылық құрылысын, жерді аймақтарға бөлу жұмысын аяқтау жөнінде шаралар қабылдасын.